

төлеушілердің (төлеушілердің) бюджеттен ҚҚС сомаларын өтеу (есепке жатқызу, қайтару) құқығын білдіреді;

"салық төлеушілер (төлеушілер)" - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің салықтарын, алымдары мен баждарын салық төлеушілер (төлеушілер);

"тауар" - сатылатын немесе сатуға арналған кез-келген жылжымалы және жылжымайтын мүлік, энергияның барлық түрлері;

"жұмыс" - нәтижелері материалдық көрініс болатын және ұйымдардың және (немесе) жеке тұлғалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатылуы мүмкін қызмет;

"қызмет көрсету" - нәтижелері материалдық көрініс болмайтын қызмет, осы қызметті жүзеге асыру процесінде сатылады және тұтынылады, сондай-ақ патенттерді, лицензияларды, сауда маркаларын, авторлық құқықты немесе өзге де құқықтарды беру;

"тауарлар экспорты" - салық төлеушілердің (төлеушілердің) сататын тауарларды кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына қатысушы екінші бір мемлекеттің аумағына әкелуі;

"тауарлар импорты" - салық төлеушілердің (төлеушілердің) тауарларды кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына қатысушы екінші бір мемлекеттің аумағына әкелуі;

"құзыретті органдар" - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің қаржы министрлігі, салық және кеден органдары.

2 - б а п

Тауарлар экспорты кезінде жанама салықтарды салу қағидаты

Тауарлар экспорты кезінде ҚҚС нөлдік ставкасы және (немесе) экспорттау фактісін құжаттық растаған жағдайда акциздерді төлеуден (төленген соманы өтеу) босату қолданылады.

3 - б а п

Тауарлар импорты кезінде жанама салықтарды салу қағидаты

Кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына қатысушы екінші бір мемлекеттің аумағына тауарларды импорттау кезінде кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына қатысушы екінші бір мемлекеттің аумағына өңдеу үшін әкелінетін, кейіннен өңделген өнімдер кеден одағына қатысушы бір мемлекеттің аумағынан транзитпен алып өткізілетін тауарларды, сондай-ақ кеден одағына қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес оның аумағына әкелінген кезде салық салынбайтын тауарларды қоспағанда, жанама салықтарды импорттаушы мемлекеттің салық органдары салады.

Айрықша (еркін) экономикалық аймаққа импорттау кезінде жанама салықтарды қолдану ерекшелігі Тараптар арасында жасалатын жекелеген хаттамамен белгіленеді.

Өзара саудада импортталатын тауарларға жанама салық ставкалары ұқсас ішкі өндіріс тауарларына салынатын жанама салық ставкаларынан аспауға тиіс.

4 - б а п

Тауарлар экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды салу тәртібі және олардың төленуін бақылау

Тауарлар экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды салу тәртібі және олардың төленуін бақылау тетігі Тараптар арасында жасалатын жекелеген хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

5 - б а п

Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды салу тәртібі

Жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды салу тәртібі Тараптар арасында жасалатын жекелеген хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6 - б а п

Салық органдары арасында ақпарат алмасу

Тараптардың салық органдары арасындағы жанама салықтарды жинау толықтығын қамтамасыз ету үшін қажетті мәліметтер тізбесінде қамтитын ақпарат алмасу арнайы ведомствоаралық хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

7 - б а п

Келісімнің халықаралық шарттармен арақатынасы

Осы Келісімнің ережесі Тараптар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8 - б а п

Дауларды шешу

Осы Келісім ережесін түсіндіруге және/немесе іске асыруға байланысты Тараптар арасындағы даулар мүдделі Тараптардың кеңестері мен келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына беріледі.

9 - б а п

Өзгерістер мен толықтырулар

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10 - б а п

Қорытынды ереже

Осы Келісім кеден одағының шарттық-құқықтық базасының қалыптасуына бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы Хаттамаға сәйкес күшіне енеді, одан шығу және оған қосылу 2007 жылғы 6 қазандағы, және осы Келісімнің 3, 4, 5 және 6 - баптарында көрсетілген хаттамалар күшіне енген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап, бірақ 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыруды аяқтау туралы шарттың күшіне енуінен бұрын емес қолдануға жатады.

2008 жылғы "25" қаңтарда Мәскеу қаласында бір ғана түпнұсқада орыс тілінде жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады, әр Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберіледі.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК